Әділет

# Батыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 47 қаулысы мен Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 8-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2013 жылғы 6 мамырда № 3286 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып және Батыс Қазақстан облысы Ақжайық, Бөрлі, Зеленов, Қаратөбе, Теректі, Шыңғырлау аудандарының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Батыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Батыс Қазақстан облысының мына аудандарының ауылдық (селолық) округтері таратылсын:

Ақжайық ауданының Жайық ауылдық округі;
Теректі ауданының Төңкеріс селолық округі;
Бөрлі ауданының Қызылтал селолық округі;
Зеленов ауданының Красноармейск ауылдық (селолық) округі;
Зеленов ауданының Чувашин ауылдық (селолық) округі;
Қаратөбе ауданының Шөптікөл селолық округі;
Шыңғырлау ауданының Қызылкөл селолық округі.

2) Батыс Қазақстан облысының мына аудандарының таратылған ауылдық (селолық) округтері шекараларының өзгеруімен бағыныстылығы өзгертілсін:

Ақжайық ауданының Жайық ауылдық округі Чапаев ауылдық округі шекарасының өзгеруімен, Чапаев ауылдық округіне;

Теректі ауданының Төңкеріс селолық округінің Төңкеріс, Қонысай, Шөптікөл ауылдары Долин селолық округі шекарасының өзгеруімен, Теректі ауданының Долин селолық округіне;

Бөрлі ауданының Қызылтал селолық округінің Бестау ауылы Пугачев селолық округі шекарасының өзгеруімен, Бөрлі ауданының Пугачев селолық округіне;

Бөрлі ауданының Қызылтал селолық округінің Қызылтал селосы мен Пугачев селолық округінің Аралтал селосы Бөрлі ауданының Ақсай қаласы шекарасының өзгеруімен, Бөрлі ауданының Ақсай қаласына;

Зеленов ауданының Красноармейск ауылдық (селолық) округінің Красноармейск, Спартак ауылдары Январцев ауылдық (селолық) округі шекарасының өзгеруімен, Зеленов ауданының Январцев ауылдық (селолық) округіне;

Зеленов ауданының Чувашин ауылдық (селолық) округінің Чувашинск, Красный Урал ауылдары Достық ауылдық (селолық) округі шекарасының өзгеруімен, Зеленов ауданының Достық ауылдық (селолық) округіне;

Зеленов ауданының Көшім ауылдық (селолық) округінің Жаңатаң ауылы Көшім және Щапов ауылдық (селолық) округтері шекарасының өзгеруімен, Зеленов ауданының Щапов ауылдық (селолық) округіне;

Зеленов ауданының Достық ауылдық (селолық) округінің Факел ауылы Макаров ауылдық (селолық) округі шекарасының өзгеруімен, Зеленов ауданының Макаров ауылдық (селолық) округіне;

Қаратөбе ауданының Шөптікөл селолық округінің Шөптікөл, Соналы, Үшағаш ауылдары Қаратөбе селолық округі шекарасының өзгеруімен, Қаратөбе ауданының Қаратөбе селолық округіне;

Шыңғырлау ауданының Қызылкөл селолық округінің Қызылкөл, Ұрысай, Шоқтыбай, Жаңакүш, Ақсоғым ауылдары Шыңғырлау селолық округі шекарасының өзгеруімен, Шыңғырлау ауданының Шыңғырлау селолық округіне.

2. Осы қаулы және шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *Сессия төрағасы*
*Н. Ноғаев* *Ғ. Жаңбырбаев*
*Облыстық мәслихат хатшысы*
*М. Құлшар*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК